



Түркістан облысы Шардара қаласы
«№2 Жамбыл Жабаетов атындағы бастауыш мектебі»
бастауыш сынып мұғалімі
Абдукаримова Лаззат Тулегеновна
Белгісіз бар теңдік / Қолонер шеберлерінің көрмесі

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	1.5.2.2 «+», «-», «=», «>», «<» белгілерін/цифрларды қолдану, (□) белгісіз сан символын қолдану; 1.2.2.1 теңдік және теңсіздікті, теңдеуді, тура және тура емес теңдік пен теңсіздікті айыра білу;
Сабақтың мақсаты:	Теңдік құрастырасың.

Сабақтың барысы:

Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы. Қызығушы	Ынталандыру Шаттық шеңбері Балаларды екі топқа біріктіремін	Балалар бір-бірімен амандасып, жылы тілек айтады.	Оқушылардың жұмысы смайл беру арқылы бағаланады	Оқулық, дәптер.

ЫҚТЫ ойту  2 мин	1-топ Теңдік. 2-топ Теңсіздік. Минга шабуыл: Теңдік теңсіздік құрастыру.	Қане, біздер ойлайық. Ойымызды жинайық. Қандай есеп болса да, Шешпей оны қоймайық.		
Мағынаны тану Жеке жұмыс Дәптермен жұмыс  7 мин	Мақсат қою (мәселелік жағдаят). Жаңаны ашу. А) Қолөнер шеберлері көрмеге 90 бұйым қойылды. Олардың 50-і ағаштан және бірнешеуі саздан жасалған. Көрмеге саздан жасалған қанша бұйым қойылды? Есепте не белгілі? (Барлығы 90 бұйым. Олардың 50-і ағаштан жасалған) Есепте не белгісіз? (Саздан қанша бұйым жасалғаны, яғни ☐ бос торкөзбен белгілейміз) Есептің шешуін теңдік түрінде жазайық. Теңдіктің қалай жазылғанын кара. Бос торкөзге сандар таңда. 1) Теңдік қандай амалды сипаттайды? (Қосу) Амалдың қандай компоненті белгілі? (Қосылғыш, Қосындының мәні) Амалдың қандай компоненті белгісіз? (Қосылғыш) Белгісіз компонентті қалай табуға болады? (Қосындының мәнінен белгілі қосылғышты азайту)	Мәселелік жағдаятты түсінеді. Есептегі белгілі ақпаратты пайдаланып, белгісізді табады. Есептің шешуін теңдікпен жазады. 2) Теңдік қандай амалды сипаттайды? (Азайту) Амалдың қандай компоненті белгілі? (Азайғыш, Айырманың мәні) Амалдың қандай компоненті белгісіз? (Азайтқыш) Белгісіз компонентті қалай табуға болады? (Азайғыштан айырманың мәнін азайту) $90-50=40$ $90-40=50$ $50=50$ 3-мысалды осы тұрғыда орындайды.		Оқулық, дәптер.
Тақтамен жұмыс Ортасы 5 мин	Жаңаны қолдану Ә) Музей залында 20 ұлттық киім және 10 ыдыс қойылған. Барлығы неше бұйым қойылған? Есепте не белгілі? (20 ұлттық киім және 10 ыдыс) Есепте не белгісіз? (Барлығы неше бұйым қойылған, яғни ☐ бос торкөзбен белгілейміз) Есептің шешуін теңдік түрінде жазайық. Сандарды таңда. Теңдік қандай амалды сипаттайды? (қосу)	Есептегі белгілі ақпаратты пайдаланып, белгісізді табады. Есептің шешуін теңдікпен жазады.	Оқушылардың жұмысы смайл беру арқылы бағаланады.	Оқулық, дәптер.

	Амалдың қандай компоненті белгілі? (қосылғыш, қосылғыш) Амалдың қандай компоненті белгісіз? (қосындының мәні) Белгісіз компонентті қалай табуға болады? (қосылғыштарды қосу) $20+10=30$			
Жұптық жұмыс 5 мин	Оқып-үйренгенді меңгергенін тексеру Жұптық жұмыс Оқулықтағы №2 тапсырманы оқушылар жұппен орындайды. Алдымен ауызша жұмыс жүргізіледі. Дәптерге жазу үлгісіне қарап, дәптеріне орындауды ұсынады.	Қатемен жұмыс жасайды. Белгісіз компоненттерді табады.	Оқушылар тапсырманы орындау деңгейіне байланысты	Оқулық, дәптер.
Сергіту сәті 10 мин	Жұмыртқа жинау әдісі Ұяшықтан жұмыртқа алып, өріктерді оқиды, шешімін дұрыс тапса жұмыртқаны алады 	$20+80$ 70- 50 $40+60$ 70- 40 $30+70$ 90- 30	«Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»	Тауық және жұмыртқа макеті
Топтық жұмыс 8 мин	Балық аулау әдісі. 	Менің алғашқы жобам. Балықтарды салыстыра отырып, теңдік пен теңсіздік жайлы ұғымдарын кеңейтеді.	«Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»	Оқулық, Постер.
Рефлексия Кері байланыс 2 мин Соңы 1 мин	«АҚЫЛДЫ ҮКІ» әдісі. Қызыл - сабақта көп нәрсені түсінбедім, сабақтағы мәліметтер маған керек емес, сабақта белсенді бола алмадым, жауап берген жоқпын. Сары - сабақ қызықты болды.	Сабақ аяқталған соң балалар үкіге сары, қызыл, жасыл стикерлерін жабыстырады.		Ақылды үкі
Бағалау 2 мин	белсенді болдым, сабақта пайдалы мәліметтер алдым. Жасыл түс сабақ қызықты болды Үй тапсырмасы: 59 бет №4	Менің жобам «Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: «Жарайсың!»	Түстерді дұрыс тандайды	

№11, 2022

ҰСТАЗ БОРЫШЫ

Бағалау 1-10 балл аралығында
қойылады

Жақсы! Өте жақсы!
Талпын!»